

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Таным процесі

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.07.2025СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/181894/

Ермекбаева Меруерт Асанқызы,

Облыстық психологиялық қолдау орталығы,

Тараз қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада баланың таным процесі — атап айтқанда, есте сақтау, зейін, ойлау және қиял сияқты негізгі психикалық қызметтердің даму ерекшеліктері қарастырылады. Мақалада бастауыш сынып оқушылары мен жасөспірімдердің танымдық дамуындағы айырмашылықтар және психологтың практикасында қолданылатын бақылау әдістері сипатталады.

Түйінді сөздер: Таным, бала психологиясы, есте сақтау, бастауыш сынып, жасөспірім, зейін.

Бала психологиясында таным процесі — баланың қоршаған ортаны танып, түсінуіне мүмкіндік беретін психикалық әрекеттердің жиынтығы. Таным процесінің негізгі түрлеріне сезім мүшелері арқылы ақпарат алу, оны есте сақтау, салыстыру және ұғыну жатады.

Бастауыш сынып жасындағы балалар үшін есте сақтау процесі негізінен механикалық сипатта болады. Олар ақпаратты мағынасына толықтай үңілмей, сөзбе-сөз жаттауға бейім. Бұл жаста зейін тұрақсыз, көбінесе сыртқы тітіркендіргіштерге байланысты өзгеріп отырады.

Жасөспірімдер кезеңінде таным процестері күрделене түседі. Есте сақтау мағыналық сипат алып, логикалық байланысты ұғыну қабілеті артады. Зейін мен ойлау процестері де тереңдейді, қиял арқылы шығармашылық әрекеттерге ұмтылыс байқалады.

Зерттеу әдісі ретінде мен бақылау тәсілін қолдандым. Сабақ барысында балалардың оқу материалын қалай есте сақтайтыны, зейінінің қаншалықты тұрақты екені, сондай-ақ таным белсенділігін арттыру жолдары қадағаланды. Бастауыш сынып оқушыларында еске сақтаудың қысқа мерзімділігі байқалса, жасөспірімдерде ақпаратты жүйелеп, ұзақ мерзімге есте сақтау қабілеті басым болды.

Қорытындылай келе, баланың таным процесі оның жас ерекшелігіне, әлеуметтік ортасына, тәрбиесіне байланысты әртүрлі қалыптасады. Психолог мамандарға бұл ерекшеліктерді ескере отырып, жасқа сай әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Психология развития человека. — Москва: Смысл, 2000. — 512 б.
2. Жарықбаев Қ.Б. Психология. — Алматы: Білім, 2004. — 368 б.
3. Әбдібаева Ж.Б. Жас ерекшелігі психологиясы. — Алматы: Қазақ университеті, 2010. — 210 б.
4. Немов Р.С. Психология: Учебник для студентов педагогических вузов: В 3 т. Т.1. — Москва: Вл адос, 2003. — 608 с.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.